

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Корқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жаңындағы 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау 8D01721(6D011700) - «Қазақ тілі мен әдебиеті» бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру жөніндегі Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы Корқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Ғылыми кеңесі шешімінің негізінде Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Сәрсемханқызы Кәрімованың №300 а-ғж бұйрығымен 2024 жылдың 10 қыркүек айында бекітілген.

1.Тұяқбаев Габит Анешович – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, 10.01.02., кеңес төрағасы.

2.Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы –филология ғылымдарының кандидаты, 10.01.02., кеңес төрағасының орынбасары.

3.Оралова Гүлзира Сапарқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, 10.01.02., кеңестің ғалым хатшысы.

4.Сулайменова Жаркынбеке Нуаевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, 13.00.02., кеңес мүшесі.

1.Өткізілген отырыстар саны туралы деректер - Диссертациялық кеңестің 3 мәжілісі етті.

1. 2024 жылдың 22 қарашасында диссертациялық кеңестің тұрақты құрамымен онлайн форматта №1 отырысы болды (№1 хаттама, 22.11.2024).

Күн тәртібінде үш сұрақ қарастырылды:

1.Диссертациялық жұмыстардың бағытына сәйкес уақытша кеңес мүшелерін бекіту;

2.Ресми рецензенттерді бекіту;

3.Қорғау күнін бекіту.

Уақытша кеңес мүшелері:

1.Тажибаева Сауле Жаксылықбаевна – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті «Аударма теориясы мен практикасы» кафедрасының профессоры;

2.Жаксыликова Күляй – педагогика ғылымдарының докторы, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті, Жобаларды басқару институты, «Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының профессоры;

3.Бахтикеева Улданай Максутовна – филология ғылымдарының докторы, П.Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті Орыс тілі және мәдениетаралық коммуникация кафедрасының профессоры;

4.Сейфуллах Йылдырым – доктор, Гази университеті, Гази білім беру факультеті, түрік тілі және әлеуметтік ғылымдар бөлімінің профессоры диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері деп бекітілді.

А.Т.Тулебаеваның ресми рецензенттері ретінде:

Балтабаева Жаналик Клышевна – педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры;

Дарибаев Самалбай Дарибаевич – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушысы ресми рецензенттер болып бекітілді.

А.С.Закированың ресми рецензенттері ретінде:

Мурзинова Айгуль Сериковна – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, «Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а.;

Аринова Бакыт Айтуовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының доценті ресми рецензенттер болып бекітілді.

2. 2024 жылғы 30 желтоқсанда сағат 10.00-де Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Сыр бойы ақын-жыраулыры поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғау отырысы өтті (№2 хаттама. 30.12.2024 ж. сағат: 10.00).

3. Докторант Закирова Асель Сейдуллаевнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ аныз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғау отырысы өтті (№3 хаттама. 30.12.2024 ж. сағат: 14.00).

2. **Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, экесінің аты (бар болса) - жоқ.**

3. ЖЖКОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровна – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;

2. Закирова Асель Сейдуллаевна – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарын талдау;

1. Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулыры поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті тақырыптардың бірі.

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, әр тарау екі тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Сыр бойында қалыптасып, дүниетану көзқарастарын сақтаған жыраулық поэзиясының өкілдерінің шығармалары ұлттық әдебиетіміздің дамуындағы зәру мәселенің бірі болып саналады. Сондықтан, әдеби даму козғалысы аясында қарастырылуы зерттеудің өзектілігін танытады. Сыр бойы ақын-жыраулырының көрнекті өкілдерінің шығармаларын арнайы қарастыру арқылы алдағы жаңа зерттеулерге де бағдар жасалады. Бұл зерттеу тақырыбы өзектілігінің кешенді сипатын айқындай түседі, әрі тақырыптың тың екендігін көрсетеді.

Білім алушылар бойында танымдық-интеллектуалдық және зерттеу мәдениетін яғни, функционалдық сауаттылық қалыптастыруды өмірлік мәселелерді шешу қажет. Білім берудің жаңа парадигмасының жаңа бағыт алуы жеке тұлғаны қалыптастыруды ғылыми-тынымдық, ізденуші-зерттеушілік, шығармашылық әрекеттерге сүйене отырып зерттеу тақырыптың өзектілігін танытады.

Зерттеу тақырыбы аясында Web of Science Core Collection және Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда – 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 13 мақала, халықаралық (алыс-жакын шетелдердегі) конференцияларда – 5 мақала және 1 оку-әдістемелік көмекші қурал жарық көрді.

2. Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ аныз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті тақырыптардың бірі.

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, әр тарау үш тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Қазақ ұлтының рухани және мәдени дүниесін бейнелейтін тіл деректерін антропоөзектік бағыттағы зерттеулер жан-жакты зерделеп, ғылыми тұжырымдар жасады. Қазақ ұлтының болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты рухани-дүниетанымдық қындылықтарды оның тілі арқылы айқындау қазіргі уақытта өзекті болып отыр. Тіл мен

халық, тіл мен таным, тіл мен мәдениет сабактастығын айшықтайдын лингвомәдени бірліктер ұлттың өзіндік ерекшелігін білдіреді. Білім алушы өз ұлттының рухани-мәдени ерекшелігін лингвомәдени бірліктерді тану арқылы менгереді. Сол себепті қазіргі тіл білімінде антропоөзектік бағыт аясында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оку бағдарламаларға ендірудің маңызы ерекше.

Бүгінгі таңда фольклорлық дәстүрді жаңғырту аса өзекті мәселелердің біріне айналған. Жаһандану үдерісінде ұлттық құндылықтардың жұтылып кетпеуі үшін оны менгерудің маңыздылығы артып отыр. Осы ретте фольклорлық мұралардың мәні зор. Ұрпақ санасын тәрбиелеу мен ұлт бойындағы отаншылдық сезімді, өрлік пен ерлікке негізделген руҳты қалыптастыруда, ұлттық болмыс-бітімізді, бет-бейнемізді сақтап қалуда, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміздің мол екендігін талғам таразысына салып, салмақтауда өзге фольклорлық туындылар ішінде аңыздық прозаның маңызы зор екендігі көрсетілді.

Аңыз-әңгімелер қазақ тарихының терендігін, тілінің көркемдігін, халқының даналығын танытатын халық ауыз әдебиетінің негізгі үлгісі. Аңыз-әңгіменің мұндай қызметтері оның тілі арқылы көрінеді. Тіл арқылы тарих, ғылым, мәдениет ұрпактан-ұрпаққа жететіні баршаға белгілі. Сол себепті қазақ мәдениетінің ұлттық кодына айналған қазақ аңыз-әңгімелерінің тілін зерттеу қай заманда да маңызды болған.

Аңыз-әңгімелер тілін лингвистикалық жағынан зерттеу қолға алынғанымен, әдебиеттануға қарағанда тым аз. Зерттеу аңыз-әңгімелер тілін танымдық және ұлттық мәдени аспектіде түсіне отырып оқытуды көздейді. Бұл бағыт мұлдем зерттелмеген десе де болады. Зерттеуде дәстүр бойынша ең алдымен аңыз-әңгімелердің осыған дейін қай жағынан қарастырылғаны сараланды. Көп жағдайда әдебиеттанушы ғалымдар аңыздың жалпы стильтік белгілерін, көркемдік ерекшеліктерін оның жанрлық сипатымен қоса қарастырып келген болатын. Сондықтан аңыз-әңгімелерді зерттеудің ғылыми-әдістемелік негізі әдебиетші, этнограф, фольклортанушы ғалымдардың енбектерінен бастау алады деуге әбден болады.

Аталған қарама-қайшылықтар аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді жоғары оку орындарында оқытудың астарларын ғылыми-әдіснамалық түрғыда негіздел, тиімді инновациялық әдіс-тәсілдерін қарастыру мәсесесін туындаатты. Зерттеу тақырыбын «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» деп қарастыруға негіз болды.

Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің сенімділігі, макулдануы және тәжірибеге ендірілуі педагогикалық және психологиялық енбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделген. Бұл қағидаларды басшылықта алу, зерттеу мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді колдану, эксперимент жұмысының мақсатқа сәйкестігі және алынған нәтижелерді қорытындылау арқылы қамтамасыз етілген.

2) диссертация тақырыбының «Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасы заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

1.Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы әдебиеттану және педагогика ғылымдарындағы тың тақырыпты зерттеуімен ерекшеленеді.

Зерттеу тақырыбы қазіргі мәдени мұраларымызды жинап, жүйелі ізге түсіріп зерттеу, ғылыми негізде бағалауды қолға алғып жатқан тұстағы мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарына сәйкес келеді.

2.Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы әдебиеттану және педагогика ғылымдарындағы тың тақырыпты зерттеуімен ерекшеленеді. Аңыз мәтіндерін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқыту қазіргі тіл ерекшеленеді.

білімінде маңызды әрі терең ғылыми зерттеулерді талап ететін өзекті мәселе болып табылады.

Ұлттық мәдени атаулардың терең семантикалық мәнін түсіну ұлттың тарихи тамырларын жаңғырту және мәдени құндылықтарды қайтадан қалыптастыру үшін аса маңызды. Ұлттық код пен аялық білім беру мәселесінде аныз-әңгімелер тілін арнайы зерттеудің мәні ұлт руханиятын жаңғыртуға бағытталған бағдарламалардың негізгі бағыттарына жауап береді алады.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енү деңгейін талдау.

1. А.Т.Тулебаеваның диссертациялық жұмысы тәжірибелік, қолданбалы бағытқа ие, оны құрастырылған бағдарлама, диагностикалық әдістемелер арқылы тестілеу, элективті курстың мазмұны және т.б. дәлелдейді. Диссертациялық жұмыста зерттеліп отырған мәселе, біріншіден, Сыр сүлейлерінің шығармаларына қатысты кейбір теориялық мәселелеріне, екіншіден, білім беру концепцияларына негізделген, қазіргі заманға сай педагогикалық технологиялар мен әдістемелік тәсілдер және автордың жетекші идеясы түрғысынан зерттелген. Докторант А.Т.Тулебаеваның зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық негізdemесі, әдістемесінің үлгісі және нәтижелері жоғары оку орындарында болашақ филолог, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруына маңызды тұлғалық қасиеттерін және кәсіби даярлау жүйесінің мақсат міндеттерінің орындалуы үшін қолдануға мүмкіндік береді. Болашақ филологтарға, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған «Сыр бойындағы ақындық дәстүр» атты элективті курстың бағдарламасы ЖОО-да практикалық түрғыдан қолдануға болады.

Тулебаева Айдынгүл Тойбазаровнаның зерттеу жұмысын болашақ филолог мамандарды және қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерді даярлауда өз үлесін қосатын маңызды ғылыми әдістемелік жұмыстардың бірі деп есептеуге болады.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша 6B01721(5B011700) - Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B02336(5B020500) - Филология мамандығы студенттеріне элективті курс ретінде «Сыр өніріндегі ақындық дәстүр» пәні енгізілгендігін растайтын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваның бекіткен актісі бар.

2. А.С.Закированың аныз-әңгімелер мәтіндері лингвомәдени бірліктердің мол қоры ретінде білім алушыларға халықтың мәдени құндылықтары, тұрмыс-салты, дәстүрлері, тарихи оқиғалары мен географиялық ерекшеліктері туралы ауқымды ақпарат береді. Зерттеу жұмысы шенберінде қарастырылған аныз-әңгімелер мәтін теориясы, когнитология, педагогика, лингвомәдениеттану және фольклортану салаларына теориялық түрғыда жана ғылыми тұжырымдар енгізуге негіз бола алады.

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелерін жоғары оку орындарында «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика», «Фольклортану мәселелері» сияқты арнаулы элективті курстарды оқытуда білім мазмұнын жүйелеуге, түрлендіруге және сапасын арттыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ зерттеу материалдары мен бірқатар тұжырымдарын семинарлар жургізуде, лингвомәдениеттанның сөздіктер құрастыруда және жас ізденушілердің докторлық, магистрлік, дипломдық жұмыстарды жазу барысында пайдалануға болады.

2021-2022 оқу жылында өзінің зерттеу тақырыбы аясында 6B01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті», 6B02336 - «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламаларында оқытылатын «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» тандау пәндерінің силлабусы мен оқу-әдістемелік кешеніне төмендегі тақырыптарды енгізді:

1. «Халық ауыз әдебиеті». Қазақ аңыздары – фольклорлық тарихилықтың ерекше түрі; Аныз-әңгімелердегі ұлттық дуниетаным мен рухани мұра; Ұлттық тәрбие мәселесін шешудегі аңыздардың заманауи қолданылуы; Аныз-әңгімелердің әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудагы рөлі; Қазақ аңыздары арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу;

2. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Аңыз-әңгімелердегі кейіпкер тілін концептуалдық талдау; Аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктер және оны оқытудың маңызы; Қазіргі оқыту әдістемесіндегі когнитивтік бағыт; Аңыз-әңгімелердегі тілдік бірліктерді лингвомәдени талдау; Аңыз-әңгімелер мәтіндеріндегі лингвомәдени бірліктерді концептуалды талдау ерекшеліктері.

Аталған тақырыптар 2021-2022 оку жылынан бастап білім беру бағдарламасы бойынша оқу үдерісіне енгізілгендердің растайтын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваның бекіткен актісі бар.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

1. Тулебаева Айдынгул **Тойбазаровнаның** «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Балтабаева Жаналик Клышевна, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Дарибаев Самалбай Дарибаевич сын-пікір білдірген.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері зерттеушінің өз тақырыбы аясында көп ізденгендердің және біршама ғылыми жеткіздіктерге қол жеткізгенін атап өткен.

Диссертант тақырып аясында кешенді зерттеу жүргізіп, жан-жақты талдаулар жасағанын, зерттеудің ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары тақырыпқа сәйкес дәйектелгенін атап өткен.

Сыр бойы ақын-жыраулары шығармаларындағы философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастарын зерделеу, оны болашақ филологтарға, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне оқытуды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздел және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері дәйектелген әдістемелік жүйесін ұсыну – зерттеудің негізгі мақсаты ретінде көрсетілген. Осыған сәйкес сыр сүлейлерінің шығармаларындағы сез қасиетінің дәрежесін, сапасын, ұлттық кодты жан-жақты ашып беретін философиялық дүниетаным мен тұжырымдарды талдай отырып, жыраулық поэзияның көркемдік ықпалы мен қоғамдық-әлеуметтік қырларының маңыздылығын айқындаған; олардың нақыл, ғақлия, өсиет өлеңдеріндегі білімді ұлтты қалыптастырудың жолын көрсететін педагогикалық көзқарастарын нақтылаған. Сыр бойы ақын-жырауларының өлеңдеріндегі философиялық дүниетанымды зерделеу үшін өлең-толғаулардың мазмұны мен пішініне, тілтен, лирикалық кейіпкер дүниетанымын да кеңінен талдаған. Соның негізінде диссертант қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір айтулы мұра, тот баспас асыл, ағынды да, арналы сала – жыраулар поэзиясы, оның ішінде сыр сүлейлері шығармаларын халқымызға тән рухани қазынаны, дүниетанымды, тәлім-тәрбиені келешек ұрпаққа жеткізетін феномен ретінде дәлелдей, жоғары мектепте Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясын оқытуда пайдаланылатын педагогикалық технологияларды сарапау арқылы оқытудың ұстанымдары мен тиімді әдістерін жүйелеген, «Сыр өніріндегі ақындық дәстүр» элективті курсының оку-әдістемелік кешенін жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста оның тиімділігін дәлелдеген. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Әрі жұмысты жазу барысында зерттеуші мақсат-міндетіне толық қол жеткізген деп рецензиялай келе, диссиденттің сыйни талдаулары мен тұжырымдарын жұмыстың құнды жактары ретінде жоғары бағалауга болады. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми-әдістемелік тұжырымдар дидактика, тәрбие теориясына, заман талабына сай қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдың жетілдіруге үлес қосады. Басты жеткіздіктерінің бірі ретінде әдістемесі ғылымиын жетілдіруге үлес қосады. Басты жеткіздіктерінің бірі ретінде диссертациялық жұмыстың материалдары мен нәтижелерін «Сыр өніріндегі ақындық дәстүр» элективті курсын оқытудың әдістесімен технологияларын ұсынуы деп атап өтеді.

Рецензенттердің жұмыстың мазмұнына қатысты диссертациялық жұмыста бірді-екілі емле, тыныс белгілік қателерге жол берілгендердің, пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі кейбір еңбектер талапқа сай ресімделінбеген деген ескертулер берген.

Барлық рецензенттер докторлық жұмыстарға жоғары кәсіби түрғыда сараптама жасады.

2. Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ азыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Аринова Бакыт Айтуовна, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., философия докторы (PhD) Мурзинова Айгуль Сериковна сын-пікір білдірген.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері зерттеушінің өз тақырыбы аясында көп ізденгендігін және біршама ғылыми жетістіктерге қол жеткізгенін атап өткен.

Зерттеудің өзектілігі тіл мен адамның өзара әсерін зерттейтін заманауи лингвистикадағы қазіргі антропоөзектік бағыт аясында азыз-әңгімелер тілін халықтың танымы мен мәдениетін танытудағы маңызын айқындаумен, заманауи үрдістермен сабактастықта терең зерделеумен және фольклор тілін мемлекеттік тілдің тұп негізі ретінде зерттеумен байланыстырылған. Сондай-ақ, азыз-әңгімелер тіліндегі халықтың мәдени және рухани құндылықтарын тасымалдайтын фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, көнерген лексикалық бірліктер мен метафоралар, символдық бейнелер мен мифологиялық элементтер, яғни лингвомәдени бірліктер білім алушылардың қызығушылығын арттыратын, танымдық қабілеттері мен ойлау жүйесін дамытатын, мәдениетаралық қарым-қатынаста еркін әрі саналы әрекет етуіне жағдай жасайтын тілдік таңбаларға жататыны зерттеу жұмысының өзектілігі ретінде көрсетілген.

Диссертанттың негізdemесін толық қолдайтынын айта келе, қазақтың аныз-әңгімелері – халықтың дуниетаным ерекшелігі мен ұлттық бірегейлігін бейнелейтін құрал, ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі болып саналады деген.

Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны қазақ аныз-әнгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілерін ашуға бағытталған. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен қазақ аныз-әнгімелерінің зерттелу тарихын, олардың жанрлық ерекшелігі мен түрлерін ғылыми түрғыдан талдап, аныз-әнгіме мәтіндерінің танымдық және тәрбиелік маңызын жан-жақты қарастырған. Қазақ аныз-әнгімелерінің ұлттық ерекшелігін айқындай отырып, оларды халқымыздың рухани-мәдени деректерін бойына жинаған мәдени мұра ретінде зерттеген. Аныз-әнгімелер тілінде кездескен заттық-мәдени және рухани-мәдени деректі тілдік таңбалардың аксиологиялық құрылымын айқындаپ, оларды оқытудың ерекшелігін теориялық түрғыда дәйектеген.

Қазақ аңыз-әнгімелеріндегі лингвомәдени бірліктердің құндылықтық сипаты мен танымдық аспектілерін теренірек талдай отырып, олардың білім беру үдерісінде қолданылу әдістемелері мен теориялық негіздерін жан-жақты зерттеген. Ұлттық-мәдени кодты сақтаушы лингвомәдени бірліктердің білім алушылардың лингвомәдени және когнитивтік күзыреттілігін қалыптастырудың рөлін айқындаған.

«Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы аясында аралас (сапалық және сандық) әдістерді қолданып, эксперименттік тәжірибе жұмысын жүргізіп, кешенді талдау жасаған. Эксперименттік тәжірибе жұмысының нәтижелерін ғылыми түрғыда жүйелі сипаттаған. Зерттеу нәтижесінің толық деп, зерттеудің ғылыми нәтижелерін «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» тандау курстарының білім беру бағдарламаларына ендіруін, аңыз-әңгімелер тілін оқытудың когнитивтік моделінің жасалуын жаңашылдық ретінде бағалайды.

Рецензенттер жұмыстың мазмұнына қатысты 1.Қазақ аныз-әңгімелер тілінде кездескен және талданған лингвомәдени бірліктер мен концептілердің санын диссертацияның кіріспе бөлімінде көрсетсе жөн болар еді. 2.Диссертациялық жұмыстың 82-бетінде «символдықты білдіретін сөздер» деп берілген атауды стильдік мағынасына сай «символдық мағынаға ие сөздер» деп қолданса дұрыс болар еді. 3.Аныз-әңгімелерді жанр ретінде оқытуда «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» бойынша ғылыми еңбектерге сілтеме аз

жасалған, мектеп оқулықтарында берілген аныздардың көрсетілгені ұтымдырақ болар едідеген ескертулер берген.

Алайда бұл ескертпелер диссертациялық зерттеудің мән-мазмұнына, теориялық, практикалық құндылығына нұксан келтірмейтінің рецензияларында атап өтеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- Зерттеу жұмыстарының пәнаралық және салаларалық деңгейін одан әрі жетілдіру;

- Ғылыми кадрларды сапалы даярлау мақсатында диссертациялық кеңес 8D017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау 8D01721 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ докторанттарымен докторлық диссертацияға қойылатын талаптар және оны дайындау тәртібі, рәсімдеуге және ашық қорғауға байланысты әдістемелік бағытта бірқатар іс-шаралар өткізу;

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - 2;
- 2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жок;
- 3) реңми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жок;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жок;
- 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жок;
- 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОҚБҰ докторанттарының) - жок.

Диссертациялық кеңестің төрагасы Г.А.Тұяқбаев

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Г.С.Оралова

«10» 01 2025 жыл



Р.В.Бек